

FTAMP 15.41.21

<https://doi.org/10.26577/JPoSS.2022.v81.i2.014>

А.А. Бақытжанова*, А.С. Салимжанова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: ainurb1997@gmail.com

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕКТЕПТЕРІ МЕН УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ ӘЙЕЛ-ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КҮЙЗЕЛІСІ: COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОНЛАЙН ОҚЫТУҒА КӨШУДІҢ САЛДАРЫ

Бұл мақалада Орталық Азия елдеріндегі әйел-оқытушылардың COVID-19 жағдайында қашықтықтан жұмыс істеу кезіндегі психологиялық денсаулықтарында туындаған мәселелер мен оларға әсер еткен күйзелістерді әлеуметтік зерттеудің кейбір нәтижелері көрсетілген. Зерттеу жұмысын ҚазҰҚПУ «Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер» ҒЗИ БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының қаржылай қолдауы шеңберінде орындады. Эмпирикалық зерттеу мақсаты – Орталық Азия елдерінің ішіндегі Қазақстан мен Қырғызстанның жалпы орта білім, жалпы кәсіби білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде қызмет ететін әйел-оқытушылардың пандемияға дейінгі және пандемиядан кейінгі күйзеліс деңгейлерін бағалау. Зерттеу жұмысының практикалық және ғылыми маңыздылығын Орталық Азиядағы әйел-оқытушылардың өмірлерінде орын алған күйзелістерді бағалауға, зерттеу нәтижелері мен ұсыныстарын осы күйзеліске байланысты мәселелерді алдын алу үшін пайдалануды құрайды. Зерттеуге сәйкес әйел-оқытушылардың 53%-ы пандемияға дейінгі кезеңде өздерінің күйзеліске ұшырауларының себептерін жұмыс жүктемесі және отбасылық мәселелерімен байланыстырған, пандемиядан кейін бұл көрсеткіш 65%-ға дейін өскен. Зерттеу нәтижелерін пандемия, төтенше жағдайлар кезінде әйел-оқытушылардың психологиялық денсаулықтарына әсер ететін күйзеліс факторларын, гуманитарлық пәндерді зерттеушілер қолдана алады.

Түйін сөздер: Орталық Азия оқытушылары; COVID-19 және оқытушылар; психологиялық күйзеліс; әйел-оқытушылар; гендерлік теңдік; пандемия; қашықтықтан оқыту.

A.A. Bakytzhanova*, A.S. Salimzhanova

Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: ainurb1997@gmail.com

Psychological stress among female teachers at schools and universities in Central Asia: transition consequences to online learning during the COVID-19 pandemic

This article presents results of a sociological study of the problems of psychological health of female teachers in Central Asia during remote work in the context of COVID-19. The study was conducted by the Research Institute for Social and Gender Studies at the Kazakh National Women's Teacher Training University, with support of the United Nations Educational, scientific and cultural organization. The aim of the empirical study is to assess the level of stress that women-teachers, in Kazakhstan and Kyrgyzstan, experienced in the pre-pandemic and post-pandemic periods, as well as the stress factors that may arise as a result of organization of work and workload. The practical and scientific significance of the study lies in the fact that it will help assess the stress in the lives of women teachers in Central Asia, and use the results and recommendations of the study to prevent stress-related problems. According to the study, 53% of female teachers indicated that they have experienced stress due to their workload and family problems in the pre-pandemic period, and this figure increased to 65% after the pandemic. The results of the study can be used by researchers in the humanities who study stress that affects the psychological health of female teachers during the pandemic and emergency situations.

Key words: teachers from Central Asia, COVID-19 and teachers, psychological stress, female teachers, gender equality, pandemic, distance learning.

А.А. Бакытжанова*, А.С. Салимжанова

Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: ainurb1997@gmail.com

Психологический стресс среди преподавателей – женщин школ и университетов Центральной Азии: последствия перехода на онлайн обучение во время пандемии COVID-19

В данной статье представлены результаты проведенного социологического исследования проблем психологического здоровья женщин-педагогов Центральной Азии во время дистанци-

онной работы в условиях COVID-19. Исследование проведено НИИ «Социальных и гендерных исследований» при Казахском национальном женском педагогическом университете, при финансовой поддержке ООН по вопросам образования, науки и культуры. Цель эмпирического исследования – оценить уровень предпандемического и постпандемического стресса, который женщины-учителя в Казахстане и Кыргызстане испытывали в допандемический и постпандемический период, а также уровень стресса, который может возникнуть при организации работ и рабочей нагрузки. Практическая и научная значимость исследования заключается в том, что оно поможет оценить стрессы в жизни женщин-учителей Центральной Азии, и использовать результаты и рекомендации исследования для предотвращения проблем, связанных со стрессом. Согласно исследованию, 53% учителей-женщин указали, что в допандемический период они испытывали стресс из-за своей рабочей нагрузки и семейных проблем, а после пандемии показатель увеличился до 65%. Результаты исследования могут быть использованы исследователями гуманитарных дисциплин, изучающих факторы стресса, влияющих на психологическое здоровье женщин-учителей в период пандемии и чрезвычайных ситуациях.

Ключевые слова: учителя из Центральной Азии, COVID-19 и учителя, психологический стресс, учителя-женщины, гендерное равенство, пандемия, дистанционное обучение.

Кіріспе

2020 мен 2021 жылдағы пандемиялық жағдайларға байланысты жалпы білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарында үздіксіз, сапалы білім беру үдерісін қамтамасыз ету маңызды болып тұрған мәселелердің бірі болды. COVID-19 бүкіл әлем бойынша білім беру жүйесінің тарихи өзгеруіне алып келді, ал SARS-CoV-2 вирусының таралуы әлем бойынша білім беру жүйесіндегі 1,5 миллиард оқушы мен ЖОО білім алушыларына, 165 мемлекеттің білім беру жүйесіне тікелей әсер етті (ЮНЕСКО, 2020:14). Бұл тарихи жағдай, қоғамның барлық әлеуметтік құрылымдарына әсер етіп, өзгерістер енгізіп, болшақта дәстүрлі болып қалған білім беру әдістерін дамытып, білім беру жүйесін жаңа деңгейге шығаруды талап етуде. Пандемия кезінде білім беру саласында болған өзгерістер өздерінің нәтижесін болжам бойынша бірнеше он жылдықтардан кейін көрсетеді. Аталған өзгерістердің нәтижесі білім алушылардың білім деңгейлерінде, ой мен ақылдарында көрініс табады. Пандемия кезінде білім алу мен білім беру қашықтықтан болып, ал бұл өз кезегінде білім алушының сапалы білім алуына, мұғалімнің тікелей балалармен жұмыс істеуіне әсер етті. Білім берушілер тұрғысынан алсақ, ақпараттардың жеткіліксіздігі мен тұлғаға әсер еткен көптеген сыртқы факторлар, акторлардың жоғары, дүрбелеңдік әсерінің көп болуынан тұлғаның психологиялық күйіне әсер еткен болатын.

Білім – адам құқықтарының негізі, адамның басқа да құқықтарының болашақта сақталуына тікелей әсер етуші болып табылады. Білім – бүкіл әлемдегі басты құндылықтардың бірі, ол


жаһандық прогресті алға жылжытушы, сонымен қатар тұрақты даму мақсаттарының негізгі құрамдаушысы. Білім ол әділ, тең мүмкіндікті, бейбіт өмірді қамтамасыз етуші. Егерде біздің әлемде білім беру жүйесі құлдырайтын болса, бейбітшілікке, тең мүмкіндікке, әділеттілікке негізделген қоғам құлдырайды, жаһандық аренада теңсіздік, кедейлік, соғыс алдындағы әлем орнайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

2020 жылдың басында орын алған пандемиялық жағдай барлық әлеуметтік салада өзіндік жаңа өзгерістер енгізді, тақырып бойынша біз білім саласын зерттеп отырғандықтан сол уақытта аталмыш салада болған өзгерістердің маңызы мен оның өзгеріс кезінде туындаған мәселелері туралы айтқымыз келеді. Пандемиялық жағдай орын алған кезде әртүрлі білім беру жүйелерінде, ЖОО мен мектептер, мектепке дейінгі мекемелер мен балабақшаларда жұмыс істейтін ұстаздар мен мұғалімдердің, профессор-оқытушылар құрамының, білім алушылар мен олардың ата-аналарында өзгерістердің орын алуына байланысты білім алу жолында жаңа технологияларды меңгеру мен қашықтықтан жұмыс істеуді үйренуді талап етті. Тақырып бойынша жүргізілген зерттеуде әлеуметтанудағы сандық әдіс қолданылды, оның мақсаты қашықтықтан оқыту кезіндегі жағдайдың мұғалімдердің субъективті жағдайлары мен олардың эмоционалдық күйлеріне әсерін анықтау, сонымен қоса олардың аталған қобалжу мен стресстік күйлерінің қандай себептерден пайда болағынын анықтау көзделген, стресстік әсерді тоқтату мен оны жеңу, болдырмау үшін ұсыныстар айту мақсат етілген.

Білім алу барысында білім беруші педагогикалық құрамның арасында да гендерлік дисбаланс бар екендігін көреміз. бұл ерлер және әйелдердің білім алуы кезінде сапалы білім мен қажетті әлеуметтік модельдерді қалыптастыру кезінде мұғалімдер мен профессор-оқытушылар құрамының арасында гендерлік баланстың болмауы салдарынан туындаған. Аталмыш көрсеткіштер жоғары білім беру жүйесіндегі оқы-

тушы әйелдердің санының аз екендігін, ал бастауыш пен орта білім беру жүйелерінде керісінше ер мұғалімдердің аз екендігін көрсетеді. Дүниежүзілік Банктің 2019 жылғы статистикалық деректері негізінде Орталық Азия елдеріндегі бастауыш, орта, жоғары білім беру мекемелеріндегі ғылыми-педагогикалық кадрлар арасындағы әйелдердің үлесі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Ғылыми-педагогикалық кадрлар, әйел-оқытушылардың білім деңгейлері бойынша көрінісі (ЮНЕСКО, 2021:8)

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, әйел-оқытушылардың білім беру жүйесінде бастауыш білім беру жүйесінен жоғары білім беру жүйесіне ауысу кезінде азаятындығын көріп отырмыз. Мысалы, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Тәжікістан мен Өзбекстанда – 90%-ы әйел-оқытушылар. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанда бастауыш білім беру жүйесінде әйел-оқытушылардың саны – 90%, ал Тәжікістанда бастауыш білім беру жүйесінде жұмыс істейтін әйел-оқытушылар – 76%-ды көрсеткен. Салыстырмалы түрде, Қазақстан мен Қырғызстанда жоғары білім беру жүйесінде жұмыс істейтін әйел-оқытушылар – 60%, Өзбекстанда – 42%, ал Тәжікістанда – 37% екені көрсетіліп тұр (ЮНЕСКО, 2021:3). Аталған деректердің өзі білім беру жүйесінде көбінесе мектепте білім беретіндер әйелдер екенін, ал ЖОО әйелдердің үлесі ерлерге қарағанда азаятындығын көрудеміз.

Бұның өзі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетіп тұр, осындан біз әйел-оқытушылардың ерлерге қарағанда психологиялық күйзелістерге жиі ұшырайды деген болжамдамыз.

Пандемия кезінде орын алып отырған дағдарыс білім беру жүйесінде мүмкіндіктердің теңсіздігіне алып келді. Мысалы, тұрғылықты мекендердегі ғаламтордың жұмыс істеу жылдамдығының төмен болуы салдарынан білім берушілер мен білім алушылардың да білім жолындағы кедергілері болды, көп балалы отбасыларда барлық балалардың қашықтықтан білім алуға ауысуы салдарынан материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуында да теңсіздіктер байқалды, сонымен қоса кенеттен қашықтыққа ауысу салдарынан оқытушылар мен оқушыларда психологиялық күйдің өзгеруі байқалды, аталған деректерді біз зерттеуіміздің нәтижесінде көрсететін боламыз.

Зерттеу мақсаты: Орталық Азия орта-кәсіптік білім беру, орта бастауыш, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, ЖОО-да жұмыс істейтін әйел-оқытушылардың пандемия кезіндегі қашықтықтан оқу кезінде туындаған күйзелістің олардың психологиялық жағдайына әсерін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Пандемиялық кезеңде Орталық Азия елдеріндегі әйел-оқытушыларда орын алған психологиялық күйзелістердің себептерін анықтап, сол бойынша ЖОО мен басқа да білім беру мекемелеріндегі әйел-оқытушылардың кәсіби құлдырауы мен жұмыс істеу кезіндегі күйзелістерді шешудің жолдарын ұсыну;

2. Пандемия кезінде әйел-оқытушыларда болатын қиындықтарды анықтап, олардың негізгі қажеттіліктерін, қандай психологиялық көмекке зәру екендіктерін анықтап, әйел-оқытушыларға арнап психологиялық семинар-тренингтер ұйымдастыру, олардың кәсіби, білікті психологтардан кеңес алу мүмкіндіктерін жасау.

Зерттеудің нысаны: Орталық Азия елдерінің орта-кәсіптік білім беру, орта, бастауыш, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, ЖОО-да жұмыс істейтін әйел-оқытушылар. Зерттеудің ауқымы: зерттеуге Қазақстан мен Қырғызстан қатысты.

Зерттеу болжамдары:

1. Орталық Азия елдерінің әйел-оқытушыларына әсер ететін стресс факторлар мен материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі, басқа да мәселелердің барлығы тұлғаның рухани және психологиялық денсаулығына әсер етеді;

2. Орталық Азия елдерінде тұратын әйел-оқытушыларға әсер ететін стресс факторлар және материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейлері де әртүрлі, соған байланысты мемлекет бойынша әйел-оқытушылардың психологиялық күйлеріне әсер ететін стресстердің себептері мен әсер ету деңгейлері әртүрлі болады;

3. Ұйымдастырушылық климат факторлары (әлеуметтік климат, жұмыстың дұрыс және теңдей ұйымдастырылуы мен бөлінуі, кері байланыс) әйел-оқытушыларда туындайтын стресстің деңгейін азайтып, олардың психологиялық күйлеріне жағымды әсер етеді.

Зерттеудің мақсатты өзектілігі, ол зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Азия университеттері мен білім беру мекемелеріне әйел-оқытушылардың психологиялық денсаулықтарына көңіл бөлу бойынша ұсыныстар айту; сонымен қоса әлеуметтік осал топтағы әйел-

дердің ақпараттандырылу мен мансап мәселелері бойынша ұсыныстар айтып, мәселені болдырмау үшін әйел-оқытушыларға арнап зерттеу нәтижесіне сүйене отырып тренингтер/семинарлар ұйымдастыру.

Әдебиеттерге шолу

Ұстаздық ету – күйзеліске, көп қысымға ұшырайтын әлеуметтік қызметтің бір түрі, осындай қызмет ету әрдайым психологиялық қысым салдарынан болатын күйзеліс пен күрбеңмен бірге жүреді (Коломонский, Реан, 2000:54; Реан, Рогов, Регуш, 2007:12). Халықаралық ғылыми басылымдардағы зерттеулердің нәтижелері бойынша ұстаздық ететін адамдар басқа әлеуметтік қызмет ететіндерге қарағанда жиі стресске ұшырайтындықтары анықталды (Luehring-Jones, Schonfeld, Bianchi, 2017:74). Мұғалімдерге әсер етуші стресстік факторлар ретінде еңбек жағдайы, оқу жүктемесінің көлемі, жұмыс істеу кезінде мектеп тарапынан қолдау мен көмектердің болмауы анықталған (Tatrow, Guglielmi, 1998:59). Әріптестер, оқушылар немесе студенттер мен олардың ата-аналарымен қарым-қатынас, білім алушылардың алдағы уақыттағы жағдайлары, осының барлығы білім беруші тұлғаның психологиялық күйіне әсер еткен (Schonfeld et.al., 2010; Kokkinen et.al., 2014:36). Пандемиялық жағдайдың орын алуы, қашықтықтан жұмыс істеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін үйренуге және бейімделуге алып келді, сол үйренісу кезінде де әйел-оқытушылардың әлеуметтік-психологиялық күйлеріне күйзеліс кері әсер етті (Alves R., Lopes T., Precioso J., 2020:24). Осындай қысқа уақытта жаңа жұмыс істеу түріне, жұмыс істеу әдістері мен білім беруде қолданылатын жаңа әдістерді үйрену мен бейімделу әсіресе отбасы мен балалары бар әйел-оқытушыларға қиын болды, себебі олардың кәсіби қызметтерінен басқа олар отбасына, балаларына немесе отбасындағы егде жастағы адамдарға көмектесу мен оларға қызмет етулері керек болған (Klapproth, Federkeli, Heinscheke, Jungmann, 2020; Kosir, Duganik, Huskić, Gračner, Kokol, Krajnc, 2020:55).

Аталаған тақырыпты талдау барысында алдымен «стресс» немесе күйзелісті түсіндіретін теорияларға тоқталуымыз керек. «Стресс» сөзі ағылшын тіліне аударған кезде «шиеленіс» деген мағынаны білдіреді. Жалпы шиеленіс концепциясын канадалық физиолог Ганс Селье құрастырған. Ғалымның қарастыруы кезінде

организмнің төтенше жағдайларға (стрессогендерге) жауапты әсері ретінде қарастырған. Жалпы осы теорияны қарапайым мысал негізінде түсіндіруге болады, мысалы адамдардың қиындықтарға немесе төтенше жағдайларға, конфликтілерге жауапты әсерлерін күнделікті өзімізден де көреміз соның барлығын атаған кезде ол стресс деп аталынады.

Ганс Селье стресстың көрінуінің үш фазасын анықтаған, олар:

Үрейлік әсердің туындауы. Шиеленіс жағдайы орын алған кезде организмнің қорғаушы күштер мен ресурстарды қорғануға жұмылдыруы;

Қарсыласу әсерінің туындауы. Стресстік әсерді шақырған шиеленістерді оңды шешуге мүмкіндіктер орын алатын кезең.

Сарқылу кезеңі. Ұзаққа созылған шиеленіске төтеп беру жиілігі мен қарқыны организмге әсер етіп, соның салдарынан организмде қоршаған ортадан келетін күйзелістерге төтеп беру мен оларға үйрену күші әлсірей түседі.

Шиеленістер адамның бойында психологиялық күйлерді ғана қоздырып қоймай сонымен бірге адамдардың физиологиялық күйлеріне де тікелей әсерлерін тигізеді. Ганс Селье өзінің зерттеуінде осындай физиологиялық өзгерістерді жүрек-қантамырларының бұзылысында, аллергиялар мен иммундық жүйе мен басқа да жұқпалы ауруларды жұқтыру мен аурудың жиі орын алатындығын анықтаған. Күйзеліс кезінде болатын немесе байқалатын қалыпты ауру белгілері – себепсіз орын алған шаршаңқылық пен пассивтілік, ұйқысыздық немесе ұйқтар алдындағы мазасыздықтар, ашушандық, адамның өзінің өмірі мен барлық әлемде орын алып отырған жағдайларға қатысты қанағаттанбаушылығы мен күнәлап, жеккөруі (Ганс, 1982:51).

Ұйымдық күйзелістің субъективті себептері мен көріну белгілерін В.Зигерт және Л.Ланг жұмысшыларда орын алатын келесі күйзелістер мен қорқыныштарды бөліп көрсеткен, олар:

- Жұмысты істей алмаймын деген қорқыныш сезімдерінің орын алуы.
- Жұмыс істеу барсыныда қателіктер мен кемшіліктерді жіберуден орын алатын қорқыныш сезімінің орын алуы.
- Әріптестердің басып озу, жоғары бәсекелестіктен орын алатын қорқыныш.
- Жұмыстан айырылу қорқыныш сезімінің туындауы.
- Өзіндік «Мен»-ді жоғалтып алуға деген қорқыныш сезімдері (Зигерт, Ланг, 1990:102).

COVID-19 пандемиясы кезінде орын алған күйзелісті зерттеуді әлеуметтану тұрғысынан қарастыру кезінде Э.Дюркгеймнің идеяларының маңызы зор. Дюркгеймнің тұжырымдамасындағы маңызды ойдың бірі: «Қоғамды зерттеп білу, тек қана әлеуметтік шындықты суреттейтін әлеуметтік фактілерді зерттеуден құралады», осындай жүйелі зерттеу барысында әлеуметтік фактілерді ескеруден туындаған әлеуметтік бірдейлікті де ескеру маңызды (Дюркгейм, 1995:68). Шиеленістер адамдардың тұлғалық бірегейлігіне әсер етеді, ол болса қоғамда адамдар арасында қалыптасқан күшті моральдық құндылықтар жүйесінің күйреу кезеңіне ұшырап, қоғамның тұрақтылығының бұзылуына (аномия кезеңі) алып келеді.

Білім беру жүйесінде гендерлік теңдікті орнату мәселелері «Білім беру – 2030» бағдарламасында айтылып, ол дүниежүзі бойынша маңызды мәселелердің тізбесін бастап тұр (ЮНЕСКО, 2016:9). Тұрақты даму мақсаттары 4.5: «2030 жылға дейін білім беру жүйесінде гендерлік теңдікті орнатуға және білім алуға барлық адамдардың мүмкіндіктерін күшейту және барлық әлеуметтік осал топтардың кәсіби-техникалық дайындықтарын күшейту мен білім беру, әлеуметтік топтардың, соның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен әлеуметтік жағдайлары нашар тұрғылықты елді мекеннің тұрғындары мен балаларына білім алуға мүмкіндік туатын кез» деп айтылған (ЮНЕСКО, 2015:10).

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, білім алу мекемелерінде сыртқы дағдарыс кезінде, мұғалімдер – «трагедияға бірінші жауап берушілер» (“first responders in tragedy”) болып табылады (O’Toole, Friesen, 2016:57). Мұғалімдерді дағдарыстан (кризис) кейін зерттеген жұмыстарға жүгінсек, мұғалімдер келесідей мәселелерге тап болады: жұмыс жүктемесінің артуы, оқушыларды әлеуметтік-эмоционалды оқыту мен академиялық қажеттіліктерін қолдау стрессі, сонымен қатар жеке басының мәселелері (Carlson, Monk, Irons & Walker, 2010:25). Мұғалімдерге, әсіресе әйелдерге, көбінесе кәсіби эмоционалды басқару және қамқорлық тағайындалады; бұл олардың өзіне, отбасыларына, студенттеріне, оқушыларының отбасыларына және жалпы қоғамға қамқорлық пен қолдау көрсетудің көптеген рөлдерін алуына әкеледі. Студенттер/оқушылар мен олардың отбасыларының қосымша стресстерін жеңуге қолдау көрсету, мұғалімдер үшін қосымша ауырпақтық туғызуы мүмкін (Simon, Evans, 2014:48).

Пандемия кезінде онлайн оқыту бойынша 31 елден алынған 134 эмпирикалық зерттеулерде ең көп қарастырылған келесі тақырыптар: білім беру мен оқыту процесінің тиімділігі, онлайн қауымдастықтың рөлі, мұғалімдердің белсенділігі мен біліктілігі, және бейнежазбаларды пайдалану қабілеттілігі (Carrillo, Flores, 2020:466). Сондай-ақ басқа зерттеу жұмыстарында (Mseleku, 2020:588) онлайн оқытуға кенет ауысумен байланысты негізгі мәселелер мұғалімдер мен студенттерді бейімдеу қиындығы екенін көрсетті; сонымен қатар психикалық денсаулық проблемалары; байланыс; қолайсыз орта; және оқыту мен білім алу үшін ресурстардың жетіспеушілігі.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу сұрақтары 3 бөлімнен құралып, аталған сұрақтар төмендегі бағыттарда жауаптар алуды көздеген:

– COVID-19 пандемиясы кезіндегі жұмыс және өмір сүрудің контекстінің өзгеруі (өзін-өзі оқшаулау кезіндегі уақытты өткізу, оқушылар, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен байланысу кезіндегі қашықтықтан жұмыс істеу технологияларын меңгеру мен коммуникацияның жаңа әдістерін қолдануды үйрену, жұмыс орындары тарапынан техникалық және психологиялық қолдаудың деңгейі, күн тәртібінің өзгеруінің психологиялық күйге әсері, отбасымен қарым-қатынастың өзгеруінің психологиялық күйге әсері).

– Күйзеліс деңгейін субъективті бағалау және копинг стратегияны қолдану (өзін-өзі оқшаулау кезіндегі жұмыс пен жеке өмір арасында арақашықтықты орнату, өзін-өзі бағалау арқылы күн тәртібін, отбасымен қарым-қатынасты, жұмыс көлемін, физикалық жағдайды қалыпты деңгейде ұстау).

– Болашақ туралы ойлардың психологиялық күйге әсері (пандемиялық кезеңге дейінгі қалыпты өмір сүру тәртібіне ауысу, өзін-өзі оқшаулаудың жағымды жақтарын анықтау).

– Қолдау мен көмектесу керек мәселелерді анықтау мен өз-өзіне көмек (психологиялық күйзеліс туындататын мәселелерді анықтау мен оларды бақылауды үйрену).

Далалық зерттеу жұмыстары 2020 жылдың қыркүйек айында басталып қазан айының ортасында аяқталған. Бұл кезеңде Қазақстан, Қыр-

ғызстан Республикасы бойынша қашықтықтан оқыту жұмыстары жүргізілген болатын.

Зерттеу нысаны арасында ақпараттарды жинастыру: Зерттеуде онлайн-сауал жинастыру әдісі қолданылған. Сауалнама бес бөлімнен тұрады: Демографиялық бөлім; Күйзелісті сезіну шкаласы; Мазасыздық пен күйгелектік; Депрессия; Кәсіби құзыреттілік; материалдық және техникалық қауіпсіздік. Сауалнамалар стратификацияланған аумақтық және демографиялық кездейсоқ іріктеу әдісі бойынша таратылды. Зерттеуге барлығы Қазақстандық 722, Қырғызстандық 26 әйел- ұстаз/ мұғалім қатысқан.

Деректерді өңдеу: Зерттеу деректері SPSS-22 статистикалық пакетімен Reliability test, Pared Samples T-test, Independent Samples T-test, Pearson's Correlation және Moderation Regression analysis қолданылған. Зерттеу нәтижелері толығымен «Stress factors for female teachers at distance learning environment in condition of Covid-19» зерттеу есебінде көрсетілген (Khibina, Bakytzhanova, Salimzhanova, Nam, Kenebayeva., 2021:4).

Нәтижелер мен талқылама

Зерттеу Орталық Азия елдерінің ішінде, Қазақстан мен Қырғызстанда жүргізілді. Қазақстаннан 722, ал Қырғызстаннан 26 әйел-ұстаз қатысқан болатын. Олардың жастық құрамдарының нәтижесі: 18-30 жас аралығындағылар 23%, 31-40 жас аралығындағылар 28%, 41-50 жас аралығындағылар 25%, 51-60 жас 21% және 60 жастан жоғарылар 3% құрады. Мұғалім, ұстаз ретінде жұмыс істейтін әйелдердің педагогикалық еңбек тәжірибелерінің нәтижесі: респонденттердің 21%-ында 5 жылға дейінгі, 17%-ында 6-10 жылдық, 11-ден 15 жылға дейінгі педагогикалық тәжірибелері бар респонденттер саны 14%, 26-30 жылдық тәжірибелері барлар 11%, 30 жылдан астам педагогикалық тәжірибелері бар респонденттер 14% көрсеткен. Зерттеуге мектепте білім беретін ұстаздар көп қатысқан, ол жалпы жиынтықтың 46%-ын құраған, бакалавр деңгейіндегілер 21%, магистрлар саны 21%, респонденттердің ішінде докторанттар PhD деңгейіндегілер 4% құраған.

Респонденттердің 29%-ында екі бала бар, 4 баласы бар респонденттер 8%, баласы жоқ

респонденттер 14%-ды көрсеткен. Зерттеуге қатысқан әйел-оқытушылар пандемияға байланысты оқшаулану кезінде достары/ бөлме бойынша көршілерімен бірге тұратындар – 2%, жалғыз тұратындар 6%, отбасымен бірге тұратындар 92% екені анықталды. Сонымен қоса, қашықтықтан жұмыс істеу кезінде қолайлы жұмыс орнының болмауы да әйел-мұғалімдердің психологиялық күйлеріне әсер етті, ал ол стресс туындатады. Біздің анықтауымызша, зерттеуге қатысқан әйел-оқытушылардың жауаптары мынадай: жұмыс істеуге арнайы орны жоқтар – 11%, арнайы емес, ортақ бөлмеде жұмыс істейтіндер 22%, арнайы бөлек бөлмеде жұмыс істейтіндері саны 67%-ды көрсеткен. Зерттеу нәтижесі бойынша жұмыс істеуге арнайы орыны мен үстелі жоқтар 11%, яғни 86 ғана респондент.

Респонденттердің 62%-ы орта білім беру мекемелерінде, 34% ЖОО, 4% ЖОО кейінгі білім беру мекемелерінде жұмыс істейтіндіктері анықталды. Зерттеуге қатысқан әйел-мұғалімдердің ішінде гуманитарлық ғылымдар және өнер саласында жұмыс істейтіндер саны 56%, жаратылыстану мен техникалық ғылымдар 30%,

әлеуметтік ғылымдар 12%, экономика және бизнес саласында жұмыс істейтіндер саны 2%.

Отбасы мүшелерінің барлығын немесе отбасы жоқ респонденттерге қойылған келесі сұрақ олардың табысын анықтауға бағытталған болатын. Нәтижесінде, отбасы мүшелерінің барлығы бірге отбасылық бюджетке қаржы салатындығын айтқандар-73%, үй шаруашылығында тек қана өздері ғана табыс табатындар – 27%. Зерттеудің негізгі бөлімінің сұрақтарының нәтижесі төменде көрсетілген.

Пандемия кезіндегі әйел-оқытушылардың психологиялық күйлерін зерттеу пандемияға дейінгі және пандемия кейінгі деп екіге бөлініп сұралған. Зерттеушілер тобы әйел-оқытушылардың өздерінің психологиялық күйлерін бағалауларын сұрастырып, олардың жалпы пандемия кезіндегі психологиялық күйлерін анықтап, әйел-оқытушыларға қандай тақырыптар мен мәселелер шеңберінде психологиялық көмектер қажет екені анықталды. Екінші суретте біз респонденттердің өздерінің өмірлерінде болып жатқан жағдайларды бақылауда ұстау мен басқаруларын бағалауларын анықтаған болатынбыз, нәтижесі төменде көрсетілген.



2-сурет – Әйел-оқытушылардың өз өмірлерінде орын алған маңызды жағдайлар мен құбылыстарды басқара алу мүмкіндіктерін бағалауларының нәтижесі




3-сурет – Респонденттердің олардың өмірлерінде қиын жағдай немесе шешілмейтін мәселелерді туындататын сезімдер болған кезде, оларды шешуге қауқарларының өзіндік бағалауларының нәтижесі

Екінші және үшінші суреттің нәтижелері көрсетіп отырғандай пандемияға дейінгі кезеңде әйел-оқытушыларда психологиялық күйзеліске ұшыратқан мәселелер көбейген. Респонденттер дегенімен өз өмірлеріндегі маңызды мәселелерді бақылай алу дәрменсіздігі мен қиындықтар орын алған кезде, оларды шеше алмау қауқарының болғанын «кейде» деген жиілікте жоғары бағалаған.

Келесі сұрақтар арқылы біз респонденттердің мазасыздану, қорқыныш сезімдерін сезінулерін, жүрек соғысының жиіленуі, кенеттен орын ала-

тын қорқыныш, шиеленістің көп болуы, қорқыншты ойлардың болуы, тез көңілдің босауы, жиі өзін-өзі күнәлау мен өзін жиі жалғыз санау және өз-өзіне қол салу күйлерінің қаншалықты жиі орын алатындығын анықтауға бағытталған болатын. Осы сұрақтардың жауаптарын білу арқылы пандемия мен қашықтықтан жұмыс істеу кезінде әйел-оқытушыларда орын алған күйзелісті анықтап, оны болдырмаудың жолдарын ұсынатын боламыз (Khibina, Bakytzhanova, Salimzhanova, Nam, Kenebayeva, 2021:10).



4-сурет – Әйел-оқытушылардың әртүрлі себептерге байланысты өздерінің күйзелу деңгейлерін бағалауларының нәтижесі



5-сурет – Әйел-оқытушылардың әртүрлі жағдайлардың орын алуына байланысты өздерін шиеленіс, нервозды күйіндегі жағдайларын бағалауларының нәтижесі

Жоғарыда көріп отырғанымыздай COVID-19 пандемиялық жағдайына дейін 53% әйел-ұстаздар кейбір жағдайлар орын алған кезде ғана күйзеліс сезінетіндіктерін атаған, ал пандемиядан кейін ол көрсеткіш 65% көрсеткен. Дегенімен, пандемиядан кейін күйзеліс сезімдерін өте жиі сезінетіндер – 9%, пандемияға дейін ол 20%-ды көрсеткен. Әйел-оқытушылардың психологиялық күйін бағалау барысында

оларға өздерінің кейбір жағдайлардың орын алуына байланысты нервозды, шиеленісті күйді жиі сезінулерін анықтаған болатынбыз. Нәтижесінде, пандемияға дейін «кейбір кезде» деп жауап бергендер 50%, ал пандемиядан кейін 54%-ды көрсеткен. Нервоздық күйді «өте жиі» сезінемін дейтіндер пандемиядан кейінгі кезеңде 8%, ал пандемиядан кейін бұл 17% көрсеткен.



6-сурет – Әйел-оқытушылардың өздерін жалғыз сезіну күйлерін қаншалықты жиі сезінетіндіктерін бағалауларының нәтижесі

6 сұрақтың нәтижесі көрсетіп отырғандай пандемиялық жағдайдан кейін әйел-оқытушылардың 44% ешқашан жалғыздық сезімдерін сезінбегендіктерін атаған, ал пандемиялық жағдайға дейін ол жауап 39% көрсеткен. Өте жиі деп жауап бергендер саны 3% пандемиядан кейін болса, бұл пандемияға дейін 6% көрсеткен. Көрсеткіштер әйел-оқытушылардың қашықтықтан жұмыс істеу кезінде жалғыздық сезімдерін аз сезінгендіктерін көрсетіп тұр, бұны зерттеушілер тобы қашықтықтан жұмыс істеу кезінде, пандемия кезінде отбасы мүше-



7-сурет – Әйел-оқытушылардың өз-өзіне қол салу ойларының қаншалықты жиі сезінетіндіктерін бағалауларының нәтижесі

лерінің бірге болуын себеп етіп көрсеткен. 7-ші суреттің нәтижесінде пандемиялық жағдайға дейін әйел-оқытушыларда «өз-өзіне қол салу»-ды ешқашан ойламағандар 81%, пандемиядан кейін ол көрсеткіш 84%-ды көрсеткен. Жоғарыда гистограмманың нәтижелерін көре отырып біз әйел-оқытушылар арасында суицидтік ойлардың 3 пайызға артқандығын көріп отырмыз, дегенімен күнделікті жұмыстан алатын стресстерде әйел-оқытушылардың психологиялық күйлеріне кері әсер етеді.



8-сурет – Зерттеуге қатысушы әйел-оқытушылардың психологиялық күйіне әсер етушілер ретінде олардың жұмыс орындары, басшылықтары, әріптестері тарапынан болатын қысымды бағалауларының нәтижелері

Зерттеудің нәтижесінде респонденттердің тек 10%-ы ғана жұмыс орнында ықпал мен күштерді сезінетіндіктерін атаған, 8% бұл тұжырыммен келісетіндіктерін атаған. Әйел-оқытушылардың 14% әріптестерімен қарым-қатынастарының ұйымшыл емес, нашар екендігін атаған. Ал бұл тұжырыммен келісетін, бірақ кейбір тұстарымен келіспейтін респонденттер 36% көрсеткен. Респонденттердің 37%-ы жұмыс орындарындағы атмосфераның жақсы екендігін бағалау кезінде тұжырыммен толықтай келіспейтіндіктерін атаған. Ал 10% респондент бұл тұжырыммен келіспейтіндіктерін атап, жұмыс орнындағы атмосфераны кері тұсында бағалаған.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша, зерттеуге қатысқан респонденттердің көбі ол Қазақстан Республикасынан болды. Дегенімен, зерттеудің мақсаты бойынша Орталық Азия елдерінің әйел-оқытушылары қатысуы керек болатын. Зерттеудегі іріктеу жиынтығы әйел-оқытушылардың тұратын аймақтарының статустарына сай репрезентативті болды, ол қалалық жерлерден қатысқандар 47,5%, ауылдық жерлерден қатысқандар 52,5% болды. Зерттеуге қатысқан респонденттердің жастары да репрезентативті, статистикалық деректерге сай болды. Оның нәтижесі бойынша зерттеуге 31-40 жастағылардан 27,9% қатысушы, ал 41-50 жас аралығындағылардан 25,3% қатысқан.

Аталған жас тобы ол Орталық Азия елдеріндегі әйел-оқытушылардың орта жасын көрсетті. Зерттеу нәтижелері Дүниежүзілік банктің статистикалық деректерін де растаған, ол бойынша әйел-оқытушылардың 62,2%-ы ол орта білім беру мекемелерінде жұмыс істеген, ал бакалавр деңгейіне білім беретіндер 33,8%, магистратура білім деңгейіне білім беретіндер 4,0%-ды көрсеткен. Өнер және әлеуметтік ғылымдар саласында жұмыс істейтіндер 55,7%, STEM 29,8%, әлеуметтік ғылымдар 12%, бизнес және экономика саласында қызмет ететіндер 2,4%-ды көрсеткен. Аталған деректер әлеуметтік ғылымдар саласында жұмыс істейтін респонденттердің көп екенін көрсеткен, осыған сай STEM бағыты мен экономика саласындағы әйел-оқытушылардың санының аз екендігін айта аламыз.

Зерттеу мақсатына сай сұрақтар пандемияға дейінгі және пандемиядан кейінгі депекіге бөлініп сұралған болатын. Бірінші сұрақ бойынша біз респонденттерге, олардың өмірлерінде болып жатқан үдерістерді бақылай алу деңгейлерін анықтауға бағыттаған болатынбыз. Нәтижесінде респонденттер пандемияға дейін 39% деп жауап берсе, пандемиядан кейінгі кезеңде ол 45%-ды көрсеткен. Аталған 6 пайызды өзгеріс, пандемияның әйел-оқытушыларға өздерінің өмірлерінде болып жатқан өзгерістер мен үдерістерді бақылай алмаулары салдарынан стресске ұшырайтындығын көрсеткен. Сонымен қоса респонденттердің өздерінің өмірлерінде

орын алған мәселелерді шеше алмауға қатысты пікірлері де өзгерген, «мәселелерді өзім шеше аламын» деген респонденттер пандемияға дейінгі кезеңде 252 болса, ол пандемиядан кейін 212 жағдайды көрсетіп, көрсеткіштердің төмендегенін байқай аламыз.

Зерттеу сараптамалық деректері Қазақстан мен Қырғызстанның әйел-оқытушыларының ұжым іші мен қашықтықтан жұмыс істеу кезіндегі материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге қатысты айырмашылықтары бар екендігі анықталмады. Дегенімен, зерттеушілер тобы келесідей мемлекеттік айырмашылықтарды анықтай алды. Қырғызстан әйел-оқытушылары пандемия кезінде өздерін Қазақстан әйел-оқытушыларымен салыстырған кезде өздерін жиі күйзеліс пен дүрбелең, эмоционалдық күйу сезімдерін жиірек сезінген. Үрей мен депрессияны да анықтау кезінде айырмашылықтар анықталды, Қырғызстан елінің әйел-оқытушылары Қазақстандықтарға қарағанда өздерін жиі үрей мен депрессия күйлерінде болғандықтарын атаған. Әйел-оқытушылардың күйзеліс деңгейлерін анықтау кезінде, олардың тұрғылықты тұратын аймақтарындағы ерекшеліктер де оларға әсер етеді. Екі елдің де қалада тұратын әйел-оқытушылары пандемия кезінде жиі және қатты стрессте болған, ал ауылдық елді мекенде тұратындар арасында стресстік сезінулер төменірек болған екені анықталды.

Әйел-оқытушылардың жұмыстарына, психологиялық күйлеріне де олардың әріптестері мен ұжым ішіндегі атмосфера әсер еткен. Респонденттердің ішінде тек 31%-ы олардың ұжымдары ішінде атмосфераның ұжымшыл емес екендігін айтып, ұжым ішінде жұмыс істеудің ыңғайсыз екенін айтқан. Сонымен қоса, ауылдық жерде тұратын әйел-оқытушылар өздері жұмыс істейтін білім беру мекемесінде академиялық мәселелерге қатысты, жұмыс орындарында маңызды шешімдерді қабылдауға қатысатындықтарын атаған.

Қазақстан мен Қырғызстан әйел-оқытушыларының қашықтықтан жұмыс істеу кезіндегі материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуында олардың тұратын аймақтарына байланысты ерекшеліктер бар екені анықталды. Қалалық мекендерде тұратын әйел-оқытушылар қашықтықтан жұмыс істеу кезінде материалдық-техникалық қиындықтарды сезінбегендіктерін, олардың жұмыс істеуіне барлық қажетті жағдайлардың жасалғандығын атаған. Ал ауылдық аймақтарда керісінше ғаламтордың жоқтығы

немесе төмен жылдамдықта болғанын айтқандар бар, ондай респонденттер 31%-ды көрсеткен. Зерттеуге қатысушылардың 35-40% олардың мектептері/колледждері/университеттерінің қашықтықтан онлайн оқуға дайын және толықтай қамтамасыз етілгендіктерін айтқан.

Зерттеудің мақсаттарының бірі ол Орталық Азия елдерінің әйел-оқытушыларына қашықтықтан оқу кезінде қандай психологиялық көмектер керек екенін анықтау болатын. Респонденттердің 35%-ы олардың мекемесі тарапынан психологиялық көмек пен қолдаудың болғандығын атаған. 36%-ы психологиялық көмектерді алмағандықтарын атаған. Респонденттердің 42% олардың білім беру мекемелері тарапынан психологиялық тренингтер мен семинарлардың болғандығын атаса, тек 28% мекемелерінде бұндай шаралардың болмағандығын атаған. Осы респонденттердің 28% оларға арнап, қашықтықтан жұмыс істеу кезінде тренингтер, семинарлардың жасалғандығын сұрап, қатысқылары келетіндіктерін білдірген.

Зерттеудің соңғы сұрағының нәтижесінде, зерттеушілер Қазақстан мен Қырғызстанның әйел-оқытушыларына қандай психологиялық қолдаулар, тақырыптар маңызды екендігін анықтаған. Көбі топ ішіндегі жұмыс, лидерлікке, уақыт менеджментіне, өмірлері мен жұмыс арасындағы шекараны ұстауға үйрететін әдістерді оқытатын кәсіби психологтардың тренингтеріне қатысқылары келетіндіктерін атаған. Соған қоса, әйел-оқытушылар өздерінің жеке мәселелері, отбасындағы мәселелер мен бала тәрбиесіне қатысты да психологтардың тренингтеріне қатысқылары келетіндіктерін атаған.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар:

1. Әйел-оқытушыларға арнап бірыңғай қолдау мен көмектесу орталықтарын виртуалды деңгейде құрастыру. Ол жерде әйел-оқытушыларға академиялық мәселелер, еңбек құқықтары мен психологиялық қолдау ұйымдастырылып, кеңестер берілуі керек.

2. Әйел-оқытушыларда болатын, болуы ықтимал мәселелер жөнінде ұлттық деңгейде әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу керек. Аталған зерттеулер, әйел-оқытушылардың еңбек ету мен жеке өмірлеріне тікелей қатысты болып, эмоционалдық күйу, стресс, отбасындағы мәселелерін анықтап оларға көмектер берілуі керек.

3. Әйел-оқытушылардың еңбек, оқу жүктемелерін олардың басқа да әлеуметтік ролдері мен қызметтерін ескере отырып жүктелім көлемі берілуі керек. Әйелдердің онсызда әлеуметтік

ролдері көп, дегенімен олардың өздері де жұмыс жүктемесін таңдап алды. Дегенімен, әйел-оқытушыларға осындай әлеуметтік рольдер мен қызметтерді атқару кезінде қоғам мен мемлекет, мектеп, ЖОО тарапынан қолдау мен көмектер ұйымдастырылуы тиіс.

Зерттеу тақырыбы бойынша, білім беруде гендерлік теңдікті сақтау мәселелерін шешудің жолдары:

Гендерлік мәселелерді шешудің ұлттық саясатын енгізу. Жалпы Орталық Азия елдері арасында білім беру саласындағы гендерлік теңдік мәселелерін шешу мен қарастыру үшін ұлттық саясатты қалыптастыру маңызды. Қазіргі кездің өзінде, бүкіл әлем бойынша қыздар мен әйелдердің білім беру саласында құқықтарын қорғау бойынша жұмыстар жүргізілуде, дегенімен қоғамның барлық секторларында әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін нығайту үшін жұмыстар жүргізілуі керек (ЮНЕСКО, 2021:5).

STEM саласындағы әйелдерді қолдау мен олардың мүмкіндіктерін арттыру. Орталық Азия елдері арасында STEM бағыты бойынша білім алатындар арасында гендерлік бөліністер бар. Қазақстан мен Қырғызстан елдерінде студенттердің STEM бағытында білім алушылар көп, олар көп жағдайда жаратылыстану, математика және статистика саласында білім алады. Дегенімен, осы екі елде де ЖОО-да STEM саласы бойынша түлектердің саны тек 30%-ды

көрсетіп тұр (ЮНЕСКО, 2019:12). Осы бағыттағы білім алған түлектердің, алдағы уақыттарында мансаптық өсу мен STEM бағыты бойынша академиялық жұмыстарды жүргізуде мәселелері пайда болады деген болжамымыз бар. Қазақстанда STEM бағыты бойынша зерттеу жұмыстарын істейтін әйелдердің саны 53% (БҰҰ, 2015:5 мақсат), дегенімен осы сала бойынша жұмыс істейтін әйелдер әліде болса басқарушы лауазымдарда жұмыс істемейтіндіктері анықталды (ЮНЕСКО, 2021:6).

Білім беру саласында жұмыс істейтіндер туралы ортақ базаны құрастыру. Білім беру саласында қызмет ететіндер туралы ақпараттарды олардың жыныс, жасы, тұрғылықты мекені мен отбасының құрамына сай ортақ деректер базасын құрастыру. Осындай жинақталған, құрылымдалған, толық қамтылған деректер қорының негізінде мемлекеттік саясатты қалыптастыру, гендерлік мәселелерді қарастыру бойынша, ақпараттандырылған өзгерістерді енгізу кезінде осындай деректер қорын қолдануға болады. Себебі қандай да бір мәселелерді қарастыру кезінде, әсіресе гендерлік теңдік, зерттеу нысаны туралы нақты ақпараттар жинастыру маңызды болып табылады (ЮНЕСКО, 2021:6). Деректер базасы білім беру секторын талдау, жоспарлау, бюджеттеу және мониторингтеу үшін барлық директивті органдарға қолжетімді болуы керек.

Әдебиеттер

- Alves R., Lopes T., Precioso J. Teachers' well-being in times of COVID-19 pandemic: factors that explain professional well-being // *International Journal of Educational Research and Innovation*. – 2020. – Vol. 15. – P. 203-217.
- Аналитическая записка: Гендерное равенство в образовании и посредством образования в Центральной Азии. // *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Report*. – Бюро ЮНЕСКО в Алматы. – 2021. – P. 6. (https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000377910_rus)
- База данных Статистического института ЮНЕСКО // *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO)*. – 2019. – P.10. (<http://data.uis.unesco.org/>)
- Ганс С. Стресс без дистресса. – М.: Прогресс, 1982. – С. 51-52.
- Дюркгейм Э., Социология. Ее предмет, метод, предназначение / Э. Дюркгейм; переводчик А. Б. Гофман. – 4-е изд., испр. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. – 307 с.
- Зигерт В., Ланг Л. Руководитель без конфликтов. – М.: Экономика, 1990.
- Khibina N.N., Bakytzhanova A.A., Salimzhanova A.S., Nam A.V., Kenebayeva A.S. Stress Factors for Female Teachers at Distance Learning Environment in Conditions of COVID-19 // *Analytical report*. – Almaty: Kazakh National Women's Teacher Training University, Research Institute for Social and Gender Studies. – 2021. – P. 81.
- Klapproth F., Federkeil L., Heinscheke F, Jungmann T. Teacher's experiences of stress and their coping strategies during COVID-19 induced distance teaching // *Journal of Pedagogical Research*. – 2020. – Vol. 4 (4). – P. 444-452.
- Košir K., Duganik S., Huskić A., Gračner J., Kokol Z., Krajnc Z. Predictors of perceived teachers and school counselors' work stress in the transition period of online education in schools during the COVID-19 pandemic // *PsyArXiv (psychology archive)*. – 2020. – Vol. 1.
- Mseleku Z. A literature review of E-learning and E-teaching in the era of Covid-19 pandemic // *International Journal of Innovative Science and Research Technology*. – 2020. – Vol. 5 (10). – P. 588-597.
- «Образование – 2030». Инчхонская декларация и Рамочная программа действий // *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO)*. – 2016. (<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000245656>)

O'Toole V.M., Friesen M.D. Teachers as first responders in tragedy: The role of emotion in teacher adjustment eighteen months post-earthquake // *APA PsycInfo, Teaching and Teacher Education*. – 2016. – №59. – P. 57-67.

Simon N.S., Evans G.W. Poverty and child development: Beyond the schoolyard gate. J. Hall (Ed.), *Underprivileged school children and the assault on dignity: Policy challenges and resistance* // *Routledge*. – New York, 2014. – P. 234.

Обучение продолжается: ЮНЕСКО объединяет международные организации, гражданское общество и партнеров из частного сектора в широкую Коалицию по вопросам образования // *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Report*. – 26 марта 2020 года. (<https://ru.unesco.org/covid19/globaleducationcoalition>)

Carrillo C., Flores M.A. COVID-19 and teacher education: A literature review of online teaching and learning practices // *European Journal of Teacher Education*. – 2020. – Vol. 43 (4). – P. 466-487.

Цели в области устойчивого развития на 2015-2030 гг. // *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO)*. – 2015. (<https://ru.unesco.org/gem-report/node/1346>)

Цель 5. Обеспечение гендерного равенства и расширение прав и возможностей всех женщин и девочек // *United Nations*. Разработан в 2015 году. (<https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/gender-equality/>)

References

Alves R., Lopes T., Precioso J. (2020) Teachers' well-being in times of COVID-19 pandemic: factors that explain professional well-being. *International Journal of Educational Research and Innovation*, vol. 15, pp. 203-217.

Carrillo C., Flores M.A. (2020) COVID-19 and teacher education: A literature review of online teaching and learning practices. *European Journal of Teacher Education*, vol. 43 (4), pp. 466-487.

Durkheim E. (2019) *Sociologiya. Ee predmet, metod, prednaznachenie [Sociology. Its subject, method, purpose]* / E. Durkheim. Translator A. B. Hoffman. – 4th ed., Rev. – Moscow: Yurayt Publishing House, pp. 68-69 p. (in Russian).

Gans Selye. (1982) *Stress bez distressa [Stress Without Distress]*. Moscow: Progress, – pp. 51-52. (in Russian).

Khibina N.N., Bakytzhanova A.A., Salimzhanova A.S., Nam A.V., Kenebayeva A.S. (2021) Stress Factors for Female Teachers at Distance Learning Environment in Conditions of COVID-19 // *Analytical report*. Almaty: Kazakh National Women's Teacher Training University, Research Institute for Social and Gender Studies, pp. 81.

Klapproth F., Federkeil L., Heinscheke F., Jungmann T. (2020) Teacher's experiences of stress and their coping strategies during COVID-19 induced distance teaching. *Journal of Pedagogical Research*, vol. 4 (4), pp. 444-452.

Košir K., Duganik S., Huskić A., Gračner J., Kokol Z., Krajnc Z. (2020) Predictors of perceived teachers' and school counselors' work stress in the transition period of online education in schools during the COVID-19 pandemic. *PsyArXiv (psychology archive)* vol. 1, pp. 3.

Mseleku Z. (2020). A literature review of E-learning and E-teaching in the era of Covid-19 pandemic. *International Journal of Innovative Science and Research Technology*, vol. 5 (10), pp. 588-597.

O'Toole V.M., Friesen M.D. (2016) Teachers as first responders in tragedy: The role of emotion in teacher adjustment eighteen months post-earthquake. *APA PsycInfo, Teaching and Teacher Education*, no 59, pp. 57-67.

Simon N.S., Evans G.W. (2014) *Poverty and child development: Beyond the schoolyard gate*. J. Hall (Ed.), Underprivileged school children and the assault on dignity: Policy challenges and resistance. *Routledge*. New York, pp. 234.

UNESCO. (2015) *Baza danyh Statisticheskogo instituta [Database of the UNESCO Institute for Statistics]*. UNESCO Institute for Statistics (<http://data.uis.unesco.org/>). (In Russian).

UNESCO. (2015) *Celi v oblasti ustojchivogo razvitiya na 2015-2030 gg. [Sustainable Development Goals 2015-2030]*. *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO)*. (In Russian).

UNESCO. (2016) «Образование – 2030». *Inchkhonskaya deklaraciya i Ramochnaya programma dejstvij. [Education 2030 Incheon Declaration and Framework for Action]*. *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO)*. (In Russian).

UNESCO. (2020) *Obuchenie Prodolzhaetsya: UNESCO ob'edinyayet mezhdunarodnye organizacii, grazhdanskoe obshchestvo i partnerov iz chastnogo sektora v shirokuyu Koaliciyu po voprosam obrazovaniya [UNESCO rallies international organizations, civil society and private sector partners in a broad Coalition to ensure #LearningNeverStops]*. *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Repor*. (<https://en.unesco.org/news/unesco-rallies-international-organizations-civil-society-and-private-sector-partners-broad>). (In Russian).

UNESCO. (2021) *Analiticheskaya zapiska: Gendernoe ravenstvo v obrazovanii i posredstvom obrazovaniya v Central'noj Azii [Policy brief: gender equality in and through education in Central Asia]*. *United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO) Report Illustrations*. UNESCO in Almaty, pp.6. (<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000377910>). (In Russian).

United Nations. *Cel' 5. (2015) Obespechenie gendernogo ravenstva i rasshirenie prav i vozmozhnostej vsekh zhenshchin i devochek [SDG 5: Achieve gender equality and empower all women and girls]*. Designed in 2015. (<https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/gender-equality/>). (In Russian).

Zigert V., Lang L., (1990) *Rukovoditel' bez konfliktov [Leader without conflict]*. M.: Economy, pp. 102-103. (In Russian).